

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 29 наурыздағы № 70 қаулысы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Хромтау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "KazKazyna" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, Хромтау ауданы Қопа ауылдық округінің аумағында орналасқан, жалпы алаңы 178 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2026 жылдың 28 қыркүйегіне дейінгі мерзімге қауымдық сервитуты белгіленсін.

2. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдаланған кезде "KazKazyna" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтасын.

3. "Ақтөбе облысының Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) Осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) Осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Хромтау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Хромтау ауданы әкімінің орынбасары С.Жаконовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 29 наурыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі:

А. Бекет